

политической и экономической системы Запада. Проблема скорее в другом, которая касается нашего национально-культурного бытия., т.е. приемлема ли она в качестве общепланитарной модели будущего развития. «Каждая культура порождает свою типическую личность, основными характеристиками которой служат черты, обеспечивающие ее конформность к социальным требованиям и нормам» [2, С.70]. Конечно, приверженность общим целям и ценностям, как наличие норм и стандартов, делает предсказуемым поведение людей, создают основу для порядка в обществе. Вместе с тем нельзя не признать, что сегодня происходит переориентация общественного сознания с глобальных, труднодостижимых «общих» целей на цели, которые утверждают самоценность конкретного человека в его индивидуальности.

Таким образом, конфликт ценностей представляет собой ярко выраженное явление с многочисленными формами проявления и по мнению Д.Пантича, изменяется в зависимости от культурного и экономического разнообразия трансформирующихся стран. «Если сравнивать эти страны (в весьма синтезированных ценностных измерениях) с развитыми западными и другими странами (включая страны «третьего мира»), - пишет он, - то можно прийти к выводу о поразительной ценностной близости бывших

социалистических стран: по сути, все эти страны в ценностном производстве оказались рядом друг с другом в квадрате, комбинирующем «рациональный легальный авторитет и «ценность материальных лишений» [3, С.36]

Таким образом, модернизация не исчерпывает экономическими и политическими переменами, не завершается ими. Внутреннее содержание процесса модернизации как развития, составляет изменение ценностных приоритетов личности.

1. Шабельников В.К. Психика как функциональная система. Природа – жизнь – личность: принципы самоорганизации. - Алматы, 1986.

2. Баранов Е.Г. Национация – источник конфликтов// Общественные науки и современность. - 1996. - № 6.

3. Пантич Д. Конфликты ценностей в странах транзитии. - М., 1996

Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құндылықтардың ерекшеліктері қарастырылады.

In given article it is considered features of social values in present conditions

Г. Умбетова

ШӘКӘРІМ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

XX ғасыр басындағы қазақ рухани элитасына ұстаз болған, ойшылдықтың, сыншылдықтың үрдістерін қалдырған дана Абай дүниеден қайтқан соң, екінші ұстаз іспетінде болған Шәкәрім олармен замандас болып, әлеуметтік талас-тартысты бастан бірге өткізіп, бірақ өзіндік ерекше философиялық ой-пікір жүйесін қалдырған кісі.

«Бір ғасырды Абаймен бірге аяқтап, екінші ғасырды Кеңес ақындарымен бірге бастаған Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі халқымыздың тарихымен біте қайнасып жатыр» [1, 18 б.]. Әрине, Ахмет Байтұрсыновты, Жүсіпбек Аймауытовты, Міржақып Дулатовты, Мағжан Жұмабаевты, Сұлтанмахмұт Торайғыровты өмір сүрген кезеңіне, сырттан күшпен танылған кезеңге байланысты Кеңес ақындары деген топтамаға телумен шартты түрде ғана келісуге болады. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров басқа әңгіме. Дегенмен бұл

пікір Абай дәуірі аяқталып, жеке бастың ғана емес, бүкіл әлеуметтің трагедияларына тола жаңа XX ғасырдағы Шәкәрімнің «қазақ айнасына» айналғандығын дұрыс көрсетеді.

Шәкәрім дүниетанымында көтерілген мәселелер өте көп болғанымен ең бастысы адам мәселесі. Бұл мәселенің шешімін іздеу ғылым үшін ғана емес, қазақ халқына пайдалы ұлт болашағын анықтау үшін қажет деп тапқан ойшыл, бұл мәселені бүкіл қазақ зиялы қауымының алдына қояды. Ойға түрткі болсын деп 1912 жылы «Айқап» журналының оқырмандарына қойылған Шәкәрімнің бес сұрағы үлкен бір тақырып бағдарламасының тезистері іспеттес.

Олар мынадай:

1. Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не?

2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

3. Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат – бейнет (сауал-азап) бар ма?

4. Ең жақсы адам не қылған кісі?

5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылдығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?

Бұл сұрақтардан байқағанымыз, Шәкәрім философиясының басты мәселесі, яғни бастауы да, тоқтауы да – адам табиғаты, оның адам атына сайлығы, болашағы. Қойылған сұрақтарға жеке-жеке жауап іздеу тәжірибесі қазіргі қазақ философиясында профессор Ғ. Есімнің, «Шәкәрім» атты еңбегінде орын алды. Біздің мақсатымыз, Шәкәрімнің бұл мәселеде онтологиялық деңгейден антропологиялық сатыға көтерілу жолындағы аңғарған анықтарын көрсету.

Шәкәрімнің бұл мәселеге арналған ең маңызды еңбектері: «Үш анық», «Адам немене», «Тәңірі мен жан», «Тіршілік жан туралы», «Анық пен танық», «Жан менен дене һәм көңіл», «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Дүние мен өмір», «Мал жимақ», «Өкінішті өмір», «Талап пен ақыл», «Тумақ, өлмек тағдырдың шын қазынасы», «Қазақ айнасы», «Қазақ», «Мұтылғанның өмірі». Бұларда алғашқы себеп, тіршілік жан мен тән, сияқты адам өмірінің мұрат-мақсатын білдіретін қоғамдық мәндегі философияның мәңгілік сұрақтары жан-жақты қарастырылады. Осы сұрақтарға жауап беретін ғылымды Шәкәрім ар білімі деп анықтайды. Бұл ілімге зор талап қойылады.

Шәкәрімнің антропологиялық ілімінің басты мәселесі болып есептелетін адам табиғатына байланысты не ойлар қалдырғанын өзі қойған бес сауалдың айналасында да қарастырып көрелік.

Адам тұлғасын жан-жақты бейнелеуге тырысу Шәкәрім үшін тек ғылыми мәндегі ізденіс қана емес, нақты әлеуметтік мазмұндағы «Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адамдар қайткенде тату-тәтті тұра алады?» деген практикалық сұраныстарға да жауап іздеу болып табылады. Шәкәрімнің ойынша, тарихтағы ең ойлы, зиялы, саналы азаматтар, хакімдер осы сұрақтарға жауапты тыным таппай іздеп, өмірлерін сарп етіп өткен. Біразы өздерінің түсініктерін қалдырып, шешімін таптық деп те ойлаған. Дегенмен, әлі де болса олар адам ойларын тыншытпай, арын қозғап, мазасын алатын сауалдар. Сол ойлардың ең бастылары қайсысы дейді де Шәкәрім, оған былайша жауап айтады: «Солардың ойларының мен білетін бастылары: біреулер адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі десе, кейбіреулері үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе түзеледі дейді. Ал біреулері оқу-біліммен, халықты ағартумен өмір түзеледі дейді. Біреулері бай-кедейлерді теңеумен түзеледі десе, біреулері тәрбиемен түзеуге

болады дейді. Өмірдің өзі - тіршілік таласы. Сондықтан адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек дегендер де болған. Біздіңше, бұларды жекедей алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды» [2, 540 б.].

Әрі қарай Шәкәрім осы түсініктерді жеке-жеке талдап шығады. Бірінші, адам өзін жаратқан иесін тану арқылы жөнделеді десек, Алланы сөз жүзінде танып, дұрыс сөздер айтып, Құран Кәрімді қақпан жасап, елді оңды-солды алдап жүрген сопы-молдаларды түзелгендер қатарына кім қоса алады? Осыны білетін халық «молданың істегенін істеме, айтқанын істе демей ме?». Абай да осы тектес пікірді қолдайды.

«Бұл заманның молдалары хақим атына дұшпан болады. Бұларды білімсіздік, бәлкі бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләмә жәһилға (көңілдері жаманшылыққа ауып тұрады) хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғараппарсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған маз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады» [3, 209 б.].

Екінші, егер үкімет, жойылған болса, адамдар бір-біріне ешбір жәрдем жасамай, әркім ойына келгенін қылып бет-бетімен кетсе, олардың арасындағы азулы хайуандарға ұқсағандары қалғандарын қанап, жеп жатса, қандай өмір болмақ.

Үшінші, адам оқу-біліммен, ағартумен, өнермен түзеледі десек, көз алдымызда өнер-білімнің биігінен көрінген ағылшын, американ елдерінде ғылымды жойқын қару жасауға қолданып, адамдарды қырып-жоюға, қанауға жұмсап жатыр.

Төртінші, баймен кедейлерді теңеу арқылы түзеуге болады десек, онда ондай жолмен келген дүние-мүлік еріншектікке жетелейді.

Шәкәрім де, Абай да кедейді қолдап, кедейшілікті жақтаған емес. Кейбір ғылыми зерттеулерде оларды кедейлердің мұңын жоқтаушы ретінде көрсетуге тырысушылық кездесіп қалады. Абай жиырма екінші қара сөзінде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеуге болады деген сауал қойып, оған өзі қысқаша әрі, дәл жауап береді. Байды мақтап, байды қадірлейін десең, өз малының өзінде еркі жоқ. Ақмақтықпен малын шашып жүр. Мырзаны құрметтейін десең, анық шын мырза жоқ, мырза деп айтсын деп, мал бергіш иттен де көп.

Болыс, биді мақтайын десең сатып, жалынып-жалпайып алған билікте ешбір қасиет жоқ.

Кедейді құрметтейін десең, жатқан түйеге

міне алар қауқары жоқ. Ал мінерлік жайы болса, әр нәрсені ілерлік жайы жоқ.

Ендеше, осылардың бәріне жем болып жүрген шын момындардың тілеуін тілемесең болмайды. Солардан басқаны таба алмадым деп күйінеді ұлы ойшыл.

Абай әлеуметтік топтарды саралап келіп нағыз, шын, толық адам қасиеттерін де осы момындар басынан іздейді. Бес асыл қасиетті – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды да осыларға телиді. Бұл қасиеттерге жетудің де өзіндік жолдары бар. Мысалы, талапқа жету үшін әуелі көкірегіңді тазала, содан соң ғибадат қыл деп кеңес береді хакім Абай.

Жалпы алғанда, «Адамшылықтың алды-махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі» [4, 228 б.].

Шәкәрім де осы бағытта ой тартады. Ол өз ізденістерінде кездестірген, өмір-тіршіліктің таласы болғандықтан, адам баласы бір-бірін қырып-жоймай тұра алмайды деген тұжырымды негізсіз деп есептейді.

Бойына жақсы қасиеттер ұялаған, ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамдар бірін-бірі жеп талап, қырып өсуге ұмтылмайды. Адам табиғатының өзгеретініне, тазалана түсетініне зор сенім білдіре отырып, Шәкәрім мынадай тұжырымдар жасайды. «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуы керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ» [4, 541 б.].

Адамның бойында жолдан қосылған, бірте-бірте бойына сіңіп кеткен нәпсі, өзімшілдік, мақтан сияқты зиянды, жаман әдеттер де баршылық. Бұлар өз кезегінде зорлық, зомбылық, алдамшылдық, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік сезімдерді оятады.

Бұл сезімдерге берілмеу үшін адал еңбек, ілім-білімге бой түзеу қажет. Олар да жеткіліксіз болғандықтан «ар білімі» оқытылуы қажет. Қоғамдағы ең ақылды деген ұстаздар бұл білімді пән ретінде жазып, адамның бойында жеке ар қожалық жасайтын жағын көздеу қажет. Адам бойын нәпсі жайламаса, адамды өзгертуге, тазартуға мүмкіншілік болады.

Шәкәрімнің ойлары өз өзектілігін қазір де жойған жоқ.

Өтпелі аласапыран замандарда, нәпсі сананы жеңіп, адамды адамилық қасиеттерден алшақтатады. Қоғамның ұстанып келген, тұрақталған құндылықтары жабайылық жайлаған жойқын тасқын арнасына түсіп басылып қалады.

«Сөйтіп нәпсі адам болмысында мүлдем

патшалық құрып алған. Адам нәпсісі тойымсыз, оның нәпсісі қасқырдың қасқырлығына ұқсас. Өркениетті нәпсісі тәрбие жүйесі де осы нәпсіні ауыздықтауға бағытталған. Нәпсіні тию тек жасөспірімдер үшін ғана қажет іс емес, ол әсіресе білім негіздерін меңгерді деген ересектер, үлкендер үшін аса қажетті» [3, 24 б.].

Білім негіздерін тиянақтылықпен меңгеріп, өмірден мол тәжірибе жинаған, саясаттан да, экономикадан да түйгені жеткілікті, бірақ құлықтылықтан жұрдай, адамшылығы таяз билік сатысының біразын өткен, сол себептен халық, ел тағдырына үлкен ықпал (жақсы не жаман) жасайтындардың нәпсіге табынуы әрине тура жаманшылыққа бастамайды. Ендеше, жақсы адамдарды қайдан іздеуіміз қажет мұндай кісілерде нендей қасиеттер басым болуы қажет?

Бүкіл философия тарихында Конфуций, Сократтардан бастап Шәкәрімге дейін бұл сауал мазаламаған көрнекті ойшыл жоқ десек қателеспейміз. Дүниедегі бар жақсы қасиеттерді теріп, осы адам ең жақсы адам деп жинақтама жасауға болар еді, бірақ анықтама жасау әдісі бұл әдісті қабылдамайды. Анықтама үшін ең басты, басқа қасиеттерге негіз боларлық типтік қасиетті бөліп шығару қажет.

Адамның табиғатын дәріптеп, зор үміт артқан Конфуций, Фараби, Толстой, Гандилерге ортақ бір түсінік - өзгені өзіндей көр, өзіндей таны, бөгделерге өзінді қалай қаласын десең солай қарауға тырыс деген сарындағы ойлар.

«Адам туралы білім - түсінікке байланысты. Біз адам өзгені танып-білу мақсатында, ең алдымен өзін-өзі тануы керек дейміз. Бұл талап алайда бірден болмайтын іс. Адамның өзін-өзі тануы, өзгені танудан әлдеқайда қиын. Сондықтан адам өзінен тыс нәрселерді білуге құштарлығы өзін-өзі білуге құмарлығынан алғашқы болмақ. Өзін білмекке ұмтылған, ынталанған жан – ғұламалық немесе тақуалық жолға түскен адам» [5, 301 б.].

Осы пікірдің дұрыстығына Шәкәрім мен Абайлардың ең жақсы адам «кәміл мұсылман» немесе бойына үш ерекше қасиет: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек ұялаған кәметті, кемелденген, жетілген, толық адам деген дәлелдер келтірер едік. Бұл келтірілген ең жақсы адамды анықтайтын ұғымдардың әрқайсысын Ибн-Араби, Ибн Туфейл, әл-Фараби, Баласағұн, Иссауи, Абай сынды ұлы ойшылдар өздерінің жан-жақты баяндаған адам концепциясына тұғыр еткен. Шәкәрімнің ең жақсы адам кім деген сауалына, жауап солардың дүниетанымдарынан, түсініктерінен шығады. Бірақ Шәкәрімнің соңғы сауалын, яғни, заман өткен сайын адамның адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара

жатыр ма дегенін ескерсек, барлық заманға ортақ жауап табудың қиын екендігін сеземіз. Бұл сауал да философияның мәңгі сауалдарының бірі. XX ғасыр басында өмір кешкен Алаш азаматтарының да заманына сай жауап іздеулері заңды нәрсе.

1. Құдайбердиев Ш. Тіриілік, жан туралы / Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 226-235 б.б.

2. Жұмабаев М. Қазақ тілі / Көп томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Жазушы, 2005. –

46-47 бб.

3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғ.ғ.) –Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004-2005

4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Том. 2. – Алматы: Жазушы, 2002. – 336 б.

5. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Мектеп, 2002. -5-36 б.б.

В статье рассматривается учение Шакарима.

Shakarim's education is discussed in this article.